

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Якорь ауылдық округінің Якорь ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Якорь ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 64 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 желтоқсанда № 6833 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2 тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 26 тамыздағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Якорь ауылы халқының пікірін ескере отырып, Якорь ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Якорь ауылдық округінің Якорь ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№ 1 атауы жоқ көше – Бейбітшілік көшесі;

№ 2 атауы жоқ көше – Бейімбет Майлин көшесі;

№ 3 атауы жоқ көше - Балауса көшесі;

№ 4 атауы жоқ көше - Тұран көшесі;

№ 5 атауы жоқ көше - Жастар көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Якорь ауылдық округінің әкімі*

В. Тихий

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы Якорь
ауылдық округі әкімінің
2020 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 64 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Якорь ауылдық округінің Якорь ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы схемалық карта



Якорь ауылдық округінің әкімі

В.Тихий

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК